

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІНЕН БАСТАП ЕЛ БАСШЫЛЫҒЫ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ДАМУЫНА КӨП КӨҢІЛ БӨЛДІ. ОСЫНЫҢ АРҚАСЫНДА САЛАДА ТЕРЕҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ. БҰЛ ЭКОНОМИКАНЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДЫҢ ТЕРІС САЛДАРЫН ОЙДАҒЫДАЙ ЕҢСЕРУГЕ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ӨНІМНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАРЫҚТАРҒА ШЫҒУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРДІ.

Қуаныш КОТЫРЕВ,

Құрметті теміржолшы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңесінің хатшысы



№84 (2799)
28/10/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІН КЕҢЕЙТҮДІ КӨЗДЕЙДІ

Кеше Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Еуропалық кеңес президенті Шарль Мишельмен кездесуінде энергетика, жасыл экономика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларындағы ықпалдастық мәселелері сөз болды.

Қ.Тоқаев пен Ш.Мишель өндіріс пен жеткізудің жаһандық тізбектерін қамтамасыз ету үшін Еуропа мен Орталық Азия арасындағы қолданыстағы халықаралық көлік дәліздерін кеңейтудің және жаңа дәліздерді дамытудың маңыздылығын баса айтты. Олар сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағдарының әлеуетін, оны одан әрі дамыту нұсқалары мен өндіретін басқа көлік бағдарларының рөлін талқылады.

– Халықаралық көлік дәліздерін дамытудың маңыздылығын атап өттік. Бұл – қазіргі геосаяси жағдайда өте өзекті мәселелердің бірі. Сондай-ақ Еуропалық одақтың Транскаспий халықаралық көлік бағытын қолдау мүмкіндігін қарастырдық. Бұдан бөлек, Еуропа санкцияларының Қазақстан экономикасына ықпалын болдырмау мәселесін талқылады, – деді Қ. Тоқаев.

Кездесу барысында биылғы 8 айда Қазақстан мен Еуропалық одақ елдері арасындағы тауар айналымы 43 пайызға артқаны атап өтілді. Қазіргі таңда Еуропалық одақ – Қазақстанның ең ірі сауда және инвестициялық серіктестерінің бірі. 30 жыл ішінде Қазақстанға Еуропадан тартылған инвестиция көлемі 160 млрд доллардан асқан.

Нұрай СӘРСЕНАЛИ

SHUTTLE СЕРВИСІН ІСКЕ АСЫРМАҚ



KTZ Express Қазақстан арқылы Қытайдан Ресейге автомобильдерді жеткізудің тұрақты shuttle сервисін іске асыратын болады.

Бүгінгі таңда аталған компания темір жол арқылы Қытайдан Қазақстанға автомобильдерді жеткізу жобасын Орталық Азиядағы ең ірі транзиттік хаб – KZTE-Khorgos Gateway терминалы арқылы жүзеге асыруда. Осы жылдың басынан бастап Қытайдың Шығыс провинцияларынан (Уху, Санпин, Ухань, Бейтанси станциялары) Chevrolet, MG, Chery, Changan және т.б. маркалы 18 мыңнан астам автомобиль жеткізілді. Орташа есеппен алғанда бұл ай сайын 2900-3000 көлік деген сөз. Shuttle-дың белгіленген кестесі есебінен басқа станцияларда қайта тіркеуіс қызмет жеткізу мерзімі қысқарады және 30 вагон-автосеткадан тұратын 10 контейнерлік пойызды жөнелтуге мүмкіндік береді.

Еске сала кетсек, «KTZ Express» АҚ Мультимодальдық көлік-логистикалық компаниясы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ компаниялары тогтарының көлік-логистикалық қызметтерінің бір терезеден қызмет көрсететін орталығы болып табылады және «KTZ Express» АҚ барлық хабарлама түрлері бойынша толық көлік-логистикалық қызметтерді көрсетеді, темір жолмен, теңіз, әуе және автокөлікпен, порттық және әуе инфрақұрылымын, қойма желілері мен терминалдарды пайдалану арқылы тасымалдауларды жүзеге асырады.

Ұлан ОРАЗ

На повестке дня – развитие ТМТМ

Заседание Международной ассоциации «Транскаспийский международный транспортный маршрут» (Средний коридор, ТМТМ) состоялось в Тбилиси под председательством главы АО «НК «ҚТЖ» Нурлана Сауранбаева.

Асель ШАЙХИНОВА,
Астана

В заседании приняли участие руководители железнодорожных администраций, судоходных компаний и портов Грузии, Турции, Азербайджана и Казахстана. С приветственной речью выступил вице-премьер-министр, министр экономики и устойчивого развития Грузии Леван Давиташвили.

Участники заседания заслушали отчет о работе ассоциации, отметив общую положительную динамику перевозок на маршруте и его возросшую роль при обеспечении транзитных потоков между Европой, Центральной Азией и Китаем.

Отмечено, что благодаря общим усилиям членов ассоциации объем перевозок грузов по маршруту ТМТМ за девять месяцев 2022 года вырос в

2,7 раза, в сравнении с аналогичным периодом прошлого года, составив один миллион 84 тысячи тонн. При этом большая доля роста пришлась на экспорт. Объем экспортных перевозок из Казахстана по маршруту вырос в 7,9 раза.

По итогам международного мероприятия участниками выработан ряд мер для обеспечения дальнейшего роста объемов контейнерных перевозок по Среднему коридору

и предоставлению благоприятных условий на маршруте.

Напомним, ТМТМ пролегает через Китай, Казахстан, акваторию Каспийского моря, Азербайджан, Грузию, Турцию и Черное море, далее в страны Европы. Членами ассоциации «ТМТМ» являются 20 компаний, включая железнодорожные администрации, порты, судоходные и логистические компании из восьми стран.

Сапа

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖЕТІЛДІРІЛДІ

Локомотив тізгіндегі машинистер мен олардың көмекшілерінің денсаулығын тексеру – жолаушылар және жүк тасымалын жүзеге асырудағы ең бірінші кезекке қойылатын маңызды фактор.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Осы орайда Астана локомотив пайдалану депосында тәулік бойы бригадаларды рейс алдында тексеруден өткізетін қондырғылар жаңартылып, олардың сапар алдындағы денсаулығын тексеру жылдамдатылды. «Медикер» өндірістік медициналық мекемесінің медикесі Айнаш Жауқенованың айтуынша, жаңадан алынған «Шлюз» медициналық кешені арқылы машинистерді медициналық тексеруден өткізу біршама оңайлады.

– Бұл аппарат арқылы бір мезгілде дене қызуын, қан қысымын, жүрек соғысын және ішімдік ішкен-ішпегенін алкотест арқылы күн сайын жылдам анықтап отырамыз.

Мониторына машинистер қарағанда-ақ базада тіркеліп тұрғандықтан оны аппарат бойынша көрсеткіш нөлді көрсетпей, кез келген сан шықса, бойында ішімдік бар деген сөз. Ондай жағдайда машинисті қайтадан қағаз түріндегі алкотестпен тексеруге аламыз. Қысымы 140-тан жоғары болса емханаға жолдама жазып береміз, бұл ретте машинист жұмысқа жіберілмейді. Сонымен қатар әрине, қызуы көтеріліп, тұмауратып, жөтеліп тұрса да рейстен қалдырылып, орнына басқа әріптесі кетеді. Науқастанған машинист қайтадан сауыққаны туралы анықтама әкелмейінше, жұмысына кірісе



алмайды, – дейді медбике. Діпозиттерін айтқанына, медициналық қондырғы 4 қызметті бір өзі атқаратындығымен ерекшеленеді. Ал бұрын олардың әрқайсысын бөлек-бөлек аппараттар анықтайтын және оған көп уақыт кететін. Қазір уақыт жағынан өте тиімді болып

түр, бас-аяғы 10-15 минуттың ішінде барлық нәтиже бірден компьютерге түседі. Медициналық кешеннің алынғанына көп бола қоймаған және бұл қондырғы әзірге тек Алматы, Астана және Қарағанды локомотив деполарында ғана бар.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

В БЕЗОПАСНОСТИ МЕЛОЧЕЙ НЕ БЫВАЕТ

Итоги работы за девять месяцев, основные проблемы и пути их решения обсудили на совещании по вопросам безопасности движения поездов и охраны труда в АО «НК «ҚТЖ».

Любовь РОВБА,
Астана

В мероприятии приняли участие члены правления, руководители дочерних организаций, филиалов ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки», отделений магистральной сети и других причастных предприятий, а также аппарат региональных главных ревизоров департамента безопасности движения.

На совещании отмечалось, что за девять месяцев 2022 года по сети АО «НК «ҚТЖ» отмечается снижение нарушений безопасности движения по сравнению с аналогичным периодом предыдущего года – на 11%.

– Проблемными остаются вопросы наезда на людей, хищения ТМЦ, порчи оборудования,

нарушений в хозяйствах движения и пути, допущенных по вине персонала, – отметил директор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» Марат Шакинов.

Положительная динамика с начала года наблюдается и по случаям производственного травматизма в АО «НК «ҚТЖ» – их количество в 2021 году снизилось на 25%.

С помощью интегрированной системы «Производственная безопасность» выявлено свыше 43 тысяч несоответствий, из которых устранены порядка 40 тысяч. Предотвращено около 10 тысяч инцидентов путем остановки работ, изъятия неисправных инструментов, остановки эксплуатации оборудования, угрожающего здоровью. И все это предотвращено усилиями самих работников на рабочих местах, которые

использовали свое право на остановку небезопасных работ, угрожающих жизни и здоровью.

– Несмотря на количественное улучшение состояния безопасности труда, риск производственного травматизма остается достаточно высоким. Одной из главных мер профилактики является реализация утвержденного Плана мероприятий по борьбе с несчастными случаями с летальным исходом на 2022-2026 годы, – отметил главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев.

Основной причиной несчастных случаев, по мнению заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Каната Альмагамбетова, является личная недисциплинированность и несоблюдение мер безопасности самими пострадавшими.

– Кроме того, прослеживается вина руководителей, отвечающих за соблюдение технологии работы, создание надлежащих условий на рабочих местах, подготовку и обучение персонала, – сказал он.

По итогам совещания первым руководителям и заместителям структурных подразделений и дочерних организаций компании поручили обеспечить 100-процентное выполнение планов обучения по программам NEBOSH, IOSH, безопасности вождения автотранспорта, ПДБ-2, стандартов безопасности, профайлинга.

Для улучшения состояния безопасности и бесперебойного пропуска поездов филиалом ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» и Дирекции магистральной сети рекомендовано в кратчайшие сроки обеспечить вывоз материалов верхнего строения пути на участках капитального ремонта. По мнению участников совещания, необходимо также изучить опыт железнодорожных администраций касательно исключения случаев проезда запрещающих сигналов и сходов из-за тормозных башмаков.

ЗА 9 МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА В ГРАНИЦАХ УРАЛЬСКОГО И ИЛЕЦКОГО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ УЧАСТКОВ НЕ ЗАРЕГИСТРИРОВАНЫ ФАКТЫ ПОЖАРОВ И ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЙ, СВЯЗАННЫХ С ОГНЕМ, ЧТО ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ЛУЧШИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ПО КОМПАНИИ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В ПЕРИОД ОТОПИТЕЛЬНОГО СЕЗОНА 2022-2023 ГОДОВ АО «НК «ҚТЖ» ПЕРЕВЕЗЛО ПО КАЗАХСТАНУ БОЛЕЕ

28 млн тонн

УГЛЯ

С ПОМОЩЬЮ ИНТЕГРИРОВАННОЙ СИСТЕМЫ «ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ» ВЫЯВЛЕНО СВЫШЕ

43 тыс.

НЕСООТВЕТСТВИЙ, УГРОЖАВШИХ ЖИЗНИ И ЗДОРОВЬЮ

ЗА 9 МЕСЯЦЕВ 2022 ГОДА В ГРАНИЦАХ АЛМАТИНСКОГО РЕГИОНА ЛОКОМОТИВНЫЕ БРИГАДЫ ПРИМЕНЯЛИ

132

ЭКСТРЕННЫХ ТОРМОЖЕНИЯ ИЗ-ЗА ВЫХОДА ПОСТОРОННИХ ЛЮДЕЙ НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ ПУТИ

БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау



Аймақ

Маңғыстау темір жолында күзгі байқаудың нәтижесі жарияланды. Бүгінде олқылықтардың орны толтырылып, кемшіл тұстар жөнге келтірілуде.



Байқау қорытындысы бойынша өткен жылы барысында кем-кеңіктің бәрі егжей-тегжейлі зерттеліп, себеп-салдары анықталды. Нақты айтсақ, биылғы байқау барысында комиссия мүшелерінің назарына 900-ге жуық кемшілік іліккен. Олар – түрлі мекемелер мен нысандарға қатысты әртүрлі деңгейдегі бұзушылықтар. Бүгінде олардың бәрі дерлік жойылып, ретке келтірілді. Әрине, бұл аталған кемшіліктер мен олқылықтарды жіберген адамдар да жауаптан тыс қалған жоқ, Жіберген қателік үшін жауап беруге тура келеді.

– Күзгі байқауға байланысты өткен тексерісте анықталған кемшіліктерді жою үшін арнайы іс-шаралар жоспары жасақталды. Қазір сол жоспарға сәйкес жұмыстар жүріп жатыр. Қызметтік міндетін сапалы атқармаған, өз кәсібін емқұрайлы қараған қызметкерлерге қатысты тәртіптік шаралар қабылданды. Мекеме басшыларына тіркелген кемшіліктер бойынша нақты тапсырмалар беріліп, орындау мерзімі бекітілді, – дейді Маңғыстау қосалқы бөлімінің өндірістік техникалық бөлім инженері Асқат Шарапатдинов.

Жалпы, бесінші қыркүйек пен жетінші қазан аралығындағы өткен комиссиялық байқауда түбек темір жолы бойынша барлық станция мен бекеттер, ғимараттар мен жолдар кең көлемде тексеруден өткен.

Суретті түсірген автор

СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Шиелі



Станция тынысы

Шиелі станциясында теміржол қызметін пайдаланушылар қатары артып келеді. Биылғы тоғыз айда өндірістік көрсеткіштер 101-262 пайыз аралығында жоспардан асыра орындалған.



Әрине, Шиелі станциясының құретауыра магистраль бойында орналасуы мен шаруашылығы дамыған өндірісті ауданда теміржол тасымалын пайдаланушылар қатарын арттыруға сеп болып отырғаны анық.

– Жыл басынан бері басшылық бекіткен жұмыс жоспарын орындау үшін бар мүмкіндігімізді жұмсап келеміз. Тосын жағдайларға жол берілген жоқ. Пандемиялық шектеулер саябырсығалы өндірістік жұмыстар артып, тұтынушылар сұранысын қанағаттандыру үшін басшы да, қосшы да жұмыла еңбектеніп жатқан жайымыз бар, – деді станция бастығының орынбасары Нұрғали Әбжаппаров.

Тоғыз айдағы өндірістік жұмыс көрсеткішінің ең жоғарғы шегі – 1025 вагонға жоспарланған вагон айналымы 2686 вагонға жетіп, 262 пайызға орындалып отыр.

Суретті түсірген автор

ТАНЫМДЫҚ ДӘРСІС ӨТТІ

Айсұлтан АРМАН, Маңғыстау



Профилактика

Жуырда Сайөтес станциясында теміржолшылардың діни танымын арттырып, теріс ағымнан сақтандыру мақсатында арнайы шара өтті.

Желілік полиция өкілдерінің ұйымдастыруымен өткен жиында желілік полиция бөлімшесінің бастығы Нұрлыбек Рахметов терроризмге қарсы бастапқы әдістемелік сабақ өткізді. Жиынға станциядағы теміржол мекемелерінің еңбеккерлерімен қатар ауыл мешітінің имамы Талғат Тұрарбеков те шақырылды. Басқосуда Қазақстан Республикасындағы діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында деструктивті және радикалды ағымға қарсы дәріс оқылып, ауыл имамы өз бағытында түсінік берді. Терроризм актілері туралы жалған хабарлама беру фактілерінің салдары түсіндіріліп, алдын алу, ескерту, профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

– Жас ұрпаққа ең алдымен дұрыс тәрбие мен білім беру қажет. Достүрлі дінді ұстанған шынайы мұсылман адамның еш уақытта лаңқес болмайтынын түсіндіруіміз керек, – деді имам өз сөзінде.

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

Астана

25 қазан – Республика күніне орай «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да салтанатты мерекелік шара ұйымдастырылып, сала майталмандары марапатталды. Теміржолшы-өнерпаздар талғампаз көрерменді арнайы концерттік бағдарламасымен таң қалдырып, тамсандырды.



Мерекелік жиында құттықтау сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетов жиылған көпшілікті Қазақстанның ұлттық мерекесі – Республика күнімен құттықтады.

– Еліміздің тарихи дамуында үлкен серпілістер жасалып, барлық салада табысқа қол жеткізе алды. Соның ішінде теміржол саласы – экономиканың құретауыра. Ұлттық компания еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға үлкен үлес қосып отыр. Сонымен қатар маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда. Біздің міндетіміз – алдағы уақытта Қазақстанды сенімді транзиттік хаб ретінде қалыптастыру. Жылдан жылға көрсеткіштеріміз артып келеді. Биыл өткен 9 ай ішінде жүк айналымы 5 пайыз артты. Ал транзит өткен жылмен салыстырғанда 6 пайыз өсті. Жолаушылар

тасымалы айналымы 34 пайызға көбейді. Компания жұмысшы-қызметкерлердің әлеуметтік жағдайына де ерекше көңіл бөледі. Биыл жалақы 40 пайызға көтерілді. Осындай мерейлі табыстармен жеткен мереке баршаныңызға құтты болсын, – деді Қ. Әлмағамбетов.

Салтанатты шара сала дамуына ерекше үлес қосқан еңбек озағатарын марапаттауға ұласты. Олардың қатарында өткен айда Қостанай өңірінде орын алған алапат өрт кезінде ерлік көрсетіп, тілсіз жауды ауыздықтауға атсалысқан теміржолшылар мол болды. Апат кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, адамдар өмірін қорғауға барын салған 17

теміржолшы «Ерен еңбегі үшін» медалімен және «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Олардың арасында жол бригадирлері, станция басшылары, машинист нұсқаушылар, электровоз машинисі, өрт сөндіру пойыздың бастығы, пойыз құрастырушылар, жөндеу шеберлері, электр механиктері, т.б. болды.

Көпшілік үшін өнерпаз теміржолшы қызметкерлер күшімен ұйымдастырылған концерттік бағдарлама, театрландырылған қойылым, әр өңірдегі теміржолшылар жолдаған бейнесюжеттер мен флешмобтар мереке аяқарын аша түсті.

Райхан РАХМЕТОВА

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Ақтөбе

Ақтөбедегі теміржол ғимаратының алдында қазақ елінің ұлттық мерекесі – Республика күні ерекше тойланды. Теміржолшылар өнерін тамашалауға қала тұрғындары көп жиналды.

Республика күні мерекесі – Қазақстанды мекен еткен түрлі ұлттар мен ұлыстарға да тиесілі. Сондықтан жергілікті теміржолшылар қатарындағы түрлі ұлт өкілдерінің тілегімен әр елдің ұлттық киімін киген

топтар өнер көрсетті. Бүгінде сан қилы тарихи оқиғаға арқау болған түрлі ұлттар тағдыры қазақ топырағында өсіп-өніп, қазақ халқының кең пейілі мен дархандығын бойына сіңіріп, бірлігі жарасып отыр. Ұлттық билерімен ашық сахнада өнер көрсеткен ұжымдар осы таттулық пен бірлікті паш етті.

«Қазақ елі – қаншама ұлтты бір шаңырақ астына жинаған қасиетті мекен. Жергілікті халықтың бойында осындай қонақжайлық пен дархандық болмаса осынша ұлт топтаспас еді. 13 жылдан кейін қайта жаңғырған осынау



ұлттық мерекелік теміржолшылар халқымыздың бірлігін тағы да айқындай түсті», – дейді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің кәсіподақ төрағасы Айша Қалағанова.

Тәуелсіз еліміздің тірегіне ай-

налған ынтымақ пен бірлікті жылы лебізге ұластырған құттықтаулар айтылып, көпшілік елімізге бейбітшілік, ынтымақ пен ырсы тіледі.

Ардақ ЕРҮБАЕВА

Суретті түсірген автор

Жамбыл

Республика күніне арналған салтанатты шарада жамбылдық теміржолшылар Әнұранды жаңды дауыста орындады. Мерекеге орай жамбылдық теміржолшылардың мерейін үстем еткен тағы бір қуанышты хабар жария болды.

Республикалық «Сала үздігі-2022» байқауында «Бюджет есебінен өсім» аталымы бойынша еліміздегі ірі он компанияның ішінен «Алтын» рейтингі бойынша «Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл филиалы – үшінші орын, Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорны төртінші орынды иеленсе, «Күміс» рейтингі бойынша Шу машиналандырылған жол дистанциясы екінші орынды иеленді. Ал «Қола» рейтингі бойынша Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі үшінші орынды иеленіп, аталған кәсіпорын басшылары марапаттау салтанатына шақырылып отырғаны белгілі болды.

Көпшілікті Республика күні мерекесімен құттықтаған бөлімше басшылары мен кәсіподақ ұйымының өкілдері ерен еңбегі еленген бірқатар теміржолшыны түрлі марапатпен марапаттады.



Атап айтқанда, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен Жамбыл вагон пайдалану депосының бастығы Талғат Жасұзақов, Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының электромеханигі Қанат Үмбетов, Жамбыл жол дистанциясының еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік бойынша жетекші инженері Шамшидин Дадабаев марапатталды. Тарас станциясы бастығының орынбасары Нұрлан Құлсариев, Жамбыл локомотив пайдалану депосының электровоз машинисі Гани Нұрбаев, Жамбыл жол дистанциясының бригадирі Сәбит Убайдуллаев «Кәсібі бойынша үздік» атағын иеленді. Сонымен қатар «Үздік маман»

болып танылған Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі техникалық бөлімінің жетекші инженері Дария Әлімбетова мен Шу станциясының есепке алу бөлімінің персонал жөніндегі менеджері Бақытқұл Әлімжанов мерейі үстем болды. Тағы бірқатар теміржолшыға «ҚТЖ»

ҰК» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасы, Алғыс хаты, Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі директорының Құрмет грамоталары тапсырылды. Салтанатты шара жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

Осы күні Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнының директоры Бақтияр Төлеков те Т.Рысқұлов ауданының әкімі Ерболат Садырқұловтың қолынан «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін алғанын айта кеткен жөн. Ауданның экономикалық-әлеуметтік әлеуетін көтеруде теміржол кәсіпорнының ауқымды жұмыс атқарып отырғанын ескерсек, бұл лайықты марапат екені сөзсіз.

Ерман ӘБДИЕВ

Суретті түсірген автор

Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Сексеуіл жол дистанциясының жиырмага жуық жолшысы Республика күні мерекесіне орай марапатқа ие болды.

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі сақталуына ерекше үлес қосып жүрген болат жолдың бағандары Артур Мендалиев, Айболат Мамитов, Балтабай Мырзақұлов, Аманжол Құлжанов, Берік Әбдіхалықов, Марат Байманов, Бекболат Сағатаев, Еламан Тенізаев, Қуаныш Мұхамедшәріпов, Асылбек Молмаханов, Жанатбек Тайлауов, Асқарбек Елеуов, Аманкелді Раймқұлов, Марат Алпысбаев және Жеңісбек Сейілханов, т.б. еңбектері ерекше аталып



өтіп, Құрмет грамотасы мен Алғыс хатқа ие болды. Сонымен қатар, мереке құрметіне осыған дейін түрлі себептерге байланысты 22 адамның сөгіс, ескерту секілді тәртіптік жазасы кешірілгені де жолшылар ұжымы үшін жағымды жаңалық болды. Осындай мерекелік шара Қызылорда жол дистанциясында да өтіп, онда да озағатарға құрмет көрсетіліп, кәсіподақ ұйымы

тарапынан әзірленген сыйлықтар табыс етілді. Ал Жосалы теміржол вокзалында дастархан жайылып, әрі-бері өткен пойыз жолаушылары сыр өнімдерінен ауыз тиді. Сырдың тәтті қауыны мен ыстық бауырсағынан, құрт-майынан дәм татқан жолаушылар теміржолшыларға алғыс айтып, сапарларын әрі қарай жалғастырды.

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ

Суретті түсірген автор

Маңғыстау



Елдігіміздің белгісі болған ұлық мереке Маңғыстау теміржолында кең көлемде аталып өтті. Теміржолшылардың бас ғимаратында бас қосқан сала еңбеккерлерін бөлімше басшылығы мен кәсіподақ өкілдері құттықтады.

Маңғыстау теміржолшы-ардагерлер кеңесінің төрағасы Амандық Алдабергенов сынды аға буын Республика күні жарияланған өткен жылдардан естелік шертіп, белгілі датаның егемен еліміз үшін маңыздылығын сөз етті.

Маңғыстау қосалқы бөлімінің бас инженері Қарақат Жақанов бір топ теміржолшыға түрлі марапат белгісін табыс етті. Маңғыстау станциясының парк кезекшісі Бекболсын Асқаров компания президентінің Құрмет грамотасымен марапатталса, Сайөтес станциясы техникалық қызмет көрсету пунктінің бастығы Аманғали Жүсіпов «Адал еңбегі үшін» төсбелгісін алды. Жетекші инженер-технолог Айнуір Алдабергенова «Үздік маман» атанса, Құрық порты станциясының жүк және бағадарды қабылдап тапсырушысы Гүлжазира Жалмурзина мен тауар кассирі Айтұл Жанбузова «ҚТЖ-25 жыл» медалімен марапатталды. Сондай-ақ Маңғыстау станциясы вагондар қозғалысының жылдамдығын реттеуші Олжас Нұрмamedовке, пойыз құрастырушы Нұрмуханбет Балғабаявқа, станция қызметкері Қарлығаш Ахметоваға, жетекші бухгалтер Армангүл Ниязоваға, есепші Саламат Әшіғалиевке, компрессорлық құрылыс машинисі Жексенбай Түйебаевқа, вагон жөндеуші қараушысы Хамит Таировқа Алғыс хат табысталды.

Нұршах АЛЫМҚЫЗЫ

Суретті түсірген автор

СИМВОЛ ЕДИНСТВА НАРОДА

Астана

Ко Дню Республики на станции Астана провели викторину для первозимников на знание основных правил и инструкций по технике безопасности на рабочем месте.

В мероприятии, организованном при поддержке профсоюзного комитета Акмолинского отделения грузовых перевозок, приняли участие представители администрации и производственного персонала станции.

Торжественная часть началась с исполнения Государственного гимна РК и презентации достижений страны за годы независимости.

Ведущие викторины – оператор по обратке перевозочных документов станции Астана Адема Жетписова и составитель поездов Нурболат Анесханов – подготовили для железнодорожников, которые впервые будут работать в зиму, каверзные вопросы и увлекательные задания на знание инструкций по движению поездов и маневровой работе, а также сигнализации на железнодорожном транспорте, правил технической эксплуатации, распоряжений, приказов и т. д.

– День Республики является символом единства многонационального народа Казахстана. За годы независимости наша страна стала узнаваемой во всем мире как сильное, динамично развивающееся государство. Это стало возможным благодаря нашим совместным усилиям, миру, согласию и уважению к исторической самобытности, – обратилась к коллегам Адема Жетписова, пожелав добра и благополучия.

Участникам мероприятия напомнили, что перед тем, как приступить к работе, необходимо убедиться в безопасности рабочего места, строго пользоваться выданной спецодеждой, средствами индивидуальной защиты, специальными инструментами, инвентарем, а также помнить о дисциплине и самоконтроле.

По итогам интеллектуальной викторины наибольшее количество баллов набрал сигналист станции Астана Сагадат Ақаев. Ему вручили смарт-часы, вторым стал его коллега – сигналист Куанышбек Алжанов. Третье место завоевал регулировщик скорости движения



вагонов Ердаулет Бектурганов. Всем призерам вручили подарки и национальные сувениры.

К слову, программа мероприятия была составлена так, что никто из присутствовавших не остался без внимания. Зрители поучаствовали в блиц-опросе на знание истории Казахстана, традиций и обычаев нашего народа. Кроме того, ведущие разделили их на две команды для творческого конкурса. Железнодорожники продемонстрировали таланты в рисовании, чтении стихов, пении. В главном состязании – на лучшее исполнение песни на казахском языке, посвященной Дню Республики РК, победила

команда Адемы Жетписовой. Капитану вручили золотой блютуз-микрофон.

– Хочется выразить огромную благодарность за поддержку председателю профсоюзного комитета Акмолинского отделения грузовых перевозок Амангельды Турекожини. Благодаря его участию мы смогли организовать это мероприятие, поощрить лучших первозимников и мотивировать коллег на новые трудовые достижения, – отметил Нурболат Анесханов.

Завершилась викторина, приуроченная ко Дню Республики, праздничным дастарханом.

Любовь РОББА
Фото автора

В музее железнодорожного транспорта филиала «Астана» АО «Казпрофтранс» Серик Сарсекеев вручил юбилейные знаки «30 лет вместе с профсоюзом» и благодарственные письма социальным партнерам профсоюза в рамках празднования Дня Республики.

Федерация профсоюзов Республики Казахстан объявила текущий год годом социального партнерства. Таким образом, совместно с правительством и работодателями будет выработан и реализован ряд мер по совершенствованию трудового законодательства, улучшены социально-трудовые права работников, повышена заработная плата и созданы достойные условия труда для профсоюзного актива.

– Сегодня АО «НК «КТЖ» как социальный партнер с пониманием относится к поднимаемым отраслевым профсоюзом проблемным вопросам, и мы надеемся, что они будут решаться в позитивном русле, – отметил председатель филиала «Астана» АО «Казпрофтранс» Серик Сарсекеев.

По его словам, заключение Коллективного договора на 2021-2023 годы между



компанией и его трудовым коллективом позволило обеспечить на предприятиях столичного железнодорожного узла стабильную обстановку, сохранить лучшие традиции железнодорожного транспорта по социально-экономической защите его работников.

– Для достижения поставленных целей требуется, чтобы на всех уровнях социального партнерства принципиально отстаивались интересы рядовых членов профсоюза и в первую очередь на республиканском уровне,

– отметил на открытии мероприятия Серик Сарсекеев.

В рамках мероприятия приглашенным социальным партнерам были вручены юбилейные знаки «30 лет вместе с профсоюзом», благодарственные письма и памятные подарки.

В числе награжденных были: директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр диагностики пути» Аслан Акашов, директор регионального филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Северный» Гульнар Консыбаева, заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Досбол Кулекеев, директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Сороковинская механизированная дистанция пути» Сапарбек Назыров, директор Акмолинского филиала АО «Вагонсервис» Талгат Саурбаев, директор филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Экспресс» Мухит Турсынбаев, главный инженер АО «Кедентранссервис» Юрий Юревич, директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Железнодорожный вокзальный комплекс Астана» Эрик Шинтеков и др.

Айлин БАУРЖАН
Фото Александра ЖАБЧУКА

В честь празднования Дня Республики в АО «НК «КТЖ» состоялся экологический челлендж, в котором приняли участие 550 железнодорожников. В Таразе посажено 80 хвойных и 120 листовых саженцев.



Как отметили сотрудники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Жамбылское отделение ГП» и Жамбылского отделения магистральной сети, массовая экологическая акция по посадке деревьев – это их вклад не только в озеленение города, но и в экологическое воспитание молодежи. Работники помимо посадки деревьев очистили территории озеленяемых участков от сухой травы, бутылок и другого мусора.

Напомним, что АО «НК «КТЖ» приняло эстафетную палочку от АО «Агентство «Хабар» и по цепочке передало ее АО «Казпочта».

Асель ШАЙХЫНОВА
Фото автора

Павлодар



Павлодарские железнодорожники и их дети посетили городской Дом престарелых. Они поздравили бабушек и дедушек с Днем Республики и подарили праздничный концерт.

В этом году страна впервые за много лет отметила этот национальный и значимый для народа праздник. Железнодорожники решили этот день провести в кругу старшего поколения, в том числе и их дети. Стоит отметить, что молодежь Павлодарского отделения ГП всегда оказывает всестороннюю помощь Дому престарелых. Особенно под свою опеку железнодорожники их

взяли во время пандемии из-за коронавирусной инфекции. В День Республики коллектив Павлодарского отделения ГП и магистральной сети организовали концерт, где приняли участие дети железнодорожников. На творческой сцене они пели песни, танцевали, играли на домбре, баяне и т. д. Это Куанышбек Нагиметов, Еркебулан Нагымет, Аида Сыдыкова, Дина Конспаева, Ерман Кельдибаев и другие. Праздничный концерт завершился вкусным чаепитием, которое организовал профсоюз.

Айдана ЕРТАЙ
Фото автора

Караганда

В Карагандинском отделении ГП состоялась праздничная программа, посвященная празднику Дню Республики.

В торжественном мероприятии приняли участие первый заместитель директора Карагандинского отделения ГП Марат Ибраев, директор Карагандинского отделения магистральной сети Нурлан Мусабаев, председатель Карагандинского филиала «Казпрофтранс» Яхия Альмусин, заместитель председателя первичной профсоюзной организации Карагандинского отделения ГП Куаныш Мухашев, а также работники железнодорожных структур.

По словам Марата Ибраева, День Республики означает символ единения народа многонациональной страны.

– Пусть крепнет наш Казахстан, с каждым днем приумножается благосостояние, мир и счастье будут в каждом доме, – сказал он.



В ходе мероприятия были отмечены лучшие сотрудники отрасли. Так, награжденный знак «Адал еңбегі үшін» вручили начальнику станции Караганда Канату Жумашеву, оператору Сортировочной горки станции Караганда-Сортировочная Сабыржану Кенжину, машинисту электровоза ТЧЭ-14 Караганда Дмитрию Цуканову, монтеру пути Жана-Аркинской дистанции пути Оразалы Исакову, осмотрщику вагонов ВЧД-13 Караганда Бейсену Смаилову.

Звание «Үздік маман» получили главный бухгалтер филиала Альбина Сванкулова, маши-

нист-инструктор локомотивных бригад ТЧЭ-14 Караганда Евгений Ильин, заместитель директора по экономике и финансам филиала Жалғас Сұлтанов, заместитель начальника Жана-Аркинской дистанции сигнализации и связи Галым Балтабаев.

В свою очередь звания «Кәсібі бойынша үздік» был удостоен дежурный по отделению Марат Макашев, а первое место в Республиканском отраслевом конкурсе «Лучший молодой специалист» занял дежурный по станции Караганда Әділжан Егінбек. Победителем Республиканского

профессионального конкурса «Жас үздік маман» стал составитель поездов станции Караганда-Сортировочная Рамиль Русланов.

Также благодарственные письма директора филиала АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Карагандинское отделение магистральной сети» получили энергодиспетчер Карагандинской дистанции электроснабжения Каскырбай Жексенов, электро-механик СЦБ Карагандинской дистанции сигнализации и связи филиала Думан Баяндин, главный механик Карагандинской дистанции пути Ерболат Жаделов, мастер по гидропневматике Восстановительного поезда станции Караганда Мейржан Сатбаев, менеджер по персоналу отдела по управлению персоналом Айнура Елкеева.

Праздничную программу украсил хор ТЧЭ-14. В его исполнении прозвучали патристические песни «Қазақстан – Моя Отчизна» и «Атамекен».

Светлана МОГАЙ
Фото автора



КАЧЕСТВЕННЫЙ ПОДХОД

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



РЕМОНТ

На Кумыстауской дистанции пути (ПЧ-38) примерно на 70% выполнили объем работ, которые были запланированы в рамках утвержденной в этом году «дорожной карты».

«Дорожная карта» предусматривает усиленный средний ремонт пути, модернизацию, средний ремонт пути, смену стрелочных переводов, – объяснил исполняющий обязанности начальника производственно-технического отдела ПЧ-38 Георгий Колмаков. – Из 22 километров среднего усиленного ремонта пути, во время которого деревянные основы на Р-50 меняем на железобетонные Р-65. Уже выполнили работы на 5,5 километра на перегоне от Таусамалы до Кумыстау. Сейчас у нас есть материалы для выполнения среднего усиленного ремонта еще на 3,5 километра, и он будет продолжен с 83-го километра перегона Таусамалы – Кумыстау.

Также путейцы из ПЧ-38 провели средний ремонт на четырех километрах пути. Это перегоны Таусамалы – Кумыстау, Бухтарма – Заводинка. Всего средним ремонтом будет охвачено шесть километров пути. Помимо этого, работники Кумыстауской дистанции пути уложили два стрелочных перевода на железобетонной основе Р-65 взамен старых, на деревянных брусьях Р-50, по станции Алтай. Это стрелки № 11 и 13. Работы по смене еще двух стрелочных переводов, но уже на станции Кокжиек будут проводиться 27-28 октября. Модернизацию пути начали на перегоне Кумыстау – Кокжиек. Она предполагает смену рельсов Р-50 на более тяжелый тип, Р-65. Всего предусмотрено модернизировать 7,5 километра пути.

Одна из главных задач «дорожной карты» – улучшение, оздоровление, укрепление пути, повышение уровня безопасности движения поездов.

– Объем работ на ПЧ-38 огромный, на помощь к нам прибывает путевая техника из ПЧМ станции Акадыр, – объяснил Георгий Колмаков. – Мы получили больше 20 тысяч новых деревянных шпал на текущее содержание, капитальные виды работ, и значительная часть из них – больше 12 тысяч штук – уже уложена. Для устранения боковых износов мы сменили рельсы на восьми километрах пути. Такие виды работ входят в текущее содержание пути.

Кроме этого, путейцы основательно подготовились к зимнему периоду.

– Вся снегоочистительная техника прошла проверку, обкатку, – добавил Георгий Колмаков. – В оперативном порядке мы устранили замечания, которые нам сделали в ходе осеннего комиссионного осмотра, оставшуюся часть устраняем в рабочем порядке.

Фото Георгия КОЛМАКОВА

КРАСНАЯ ПОЛОСА

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



УЧЕНИЯ

В Костанайском регионе прошли тактико-специальные учения по основному тушению пожара в полосе отвода по станции Тобол.

Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Костанайского региона Султан Смамбаев, данные совместные действия руководящего состава, рабочих и служащих по условному тушению пожара проводились в полосе отвода на 382-м километре перегона Тобол – Перелески. Тренировочные мероприятия проводились с привлечением пожарного поезда станции Тобол, государственной противопожарной службы, формированиями противопожарных звеньев гражданской обороны.

По тактическому замыслу учений, произошел условный пожар в полосе отвода перегона Тобол – Перелески. В результате происшествия возникла угроза перехода огня на лесозащитную полосу. К месту ЧС прибыли пожарная автомашина ПЧ-9, пожарный поезд станции Тобол ПП-9. Оценив обстановку, было принято решение подать один ствол от пожарной автомашины и два от пожарного поезда, а также дополнительную рукавную линию на заправку пожарной автомашины. В результате слаженных действий огнеборцев возгорание в полосе отвода вскоре было локализовано и ликвидировано.

№84 (2799) 28/10/2022

КӨГЕРШІН – БЕЙБІТШІЛІК СИМВОЛЫ

Ақтөбелік Мұрат Сүндетбаевтың ерекше хоббиі – көгершін өсіру. Бүгінде 100-ге жуық кептері бар. Жуырда Республика күні құрметіне өткен бейбітшілік символы – Көгершіндер көрмесінде теміржолшының қанаттары жоғары баға алды.



Жайсаң дистанциясының аға электр механигі Мұрат Сүндетбаев аймақтық «Көгершіндер жәрмеңкесінде» ерекше хоббиімен көпшіліктің ықыласына бөленді. Ол ондаған жыл уақытын жұмсап, кептерден өз тұқымын шығарған. Көрмеде оның осы әдемі көгершіндері көпшіліктің ерекше сүйіспеншілігіне бөленіп, жүзде алды. Жұдырықтай құсты баладай мәпелеген теміржолшы кептерлерін «жүрегіміздің бөлшегі» деп жақсы көреді.

«Көгершін – бейбітшілік символы. Ашық аспан астында қанат қағып, мың құбылып ойнайтын көгершінің сұлулығы көп адам көре де, сезіне де бермейтіні өкінішті. Құстарым – жүрегіміздің бір бөлшегі. Жұмыстан келгенде бірінші үйге кірмей, сарайға барып құстарымды көзімнен көріп, еркелетіп, сылап-сипап алмасам көңілім көншімейді. Соларды баптап, күтіп, шаршағанымыз басамын», – дейді ол.

Мұрат Сүндетбаев отыз бес жылдан бері ШЧ-5 дистанциясында еңбек етеді, бүгінде аға электр механигі. Әдемі құстарының кекілін тарап, мамығын күтіп, қанатын қатайтуға машықтанған теміржолшы көгершіндері туралы сағаттап айтуға бар. Жүз шақты көгершіндерінің әрбірі – қайталанбас бірегей тұқым. Айтуынша, сарайында соңғы кездері сұлу өзбекстандық көгершіндер көбейген.

Көрмеде байқағанымыз, теміржолшылар арасында көгершін баптауды хоббиіне айналдырғандар аз емес екен. Солардың бірі – Байбөрі Садықов Шапақар локомотив депосының ардагері. Оның 200-ге жуық кептері бар екен.

«Жауапкершілігі жоғары мамандық – теміржолшы болып

та уақыт таптық. Кептер баптау – мен үшін жан рахаты, нағыз терапия», – дейді Байбөрі Садықов.

Көрмеде кезіктірген тағы бір теміржолшы Төрәмұрат Батырғарин кезінде Ақтөбе локомотив депосында бірінші класты машинист болған. 2017 жылы зейнетке шыққан соң кептер өсіруді біржола хоббиіне айналдырды. Теміржолшылар арасында көгершін өсірушілер клубын құруға бастама көтергендердің бірі екен. Құс сапасын жақсарту, олардың стандартын енгізу жайлы мәселе көтеріп, білгімен бөлісіп жүрген жан.

«Ойын көгершіндері әдемі, бүгінде 80 құсым бар, бір айға 2 қапшық жем кетеді. Көгершінді пайдасынан гөрі хобби, демалыс үшін ұстаймыз», – дейді ардагер теміржолшы.

Ақтөбеде өткен көгершіндер көрмесінде үш теміржолшының да кептері үздік үштік қатарынан көрінді.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе Суреттерді түсірген автор

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

Республика күні қарсаңында Тараз көлік және коммуникация колледжінде «Қыран елім – Қазақстаным!» акциясы бастау алды.



Болашақ теміржолшылар сапқа тұрып Мемлекеттік Әнұранды орындаумен басталған мерекелік шаралар легі бір аптаға созылмақ. Соның ішінде акцияның екінші күні болашағын темір жолмен

байланыстырғысы келетін жас буынның «ҚТЖ-Жұк тасымал» ЖШС Жамбыл филиалына қарасты Жамбыл локомотив пайдалану депосының мұражайында болып, ондағы жәдігерлермен таны-

суы – мазмұнды әрі тағылымды шара болғаны анық. Мұражай меңгерушісі Венера Бүкеннова студенттерді музейдегі әрбір экспонаттың тарихымен таныстырып, олардың қызығушылығын тудырған жәдігерлерге қатысты жаңа-жаңа түсінік берді.

Акция аясында болашақ теміржолшыларға Тәуелсіз Қазақстанның темір жолын құрған аға буынның ерен еңбегін насихаттаумен қатар олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, отансүйгіштікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеуді мақсат тұтамыз, – дейді Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінің директоры Ұлжан Кенжебекова.

Ерман ӘБДИЕВ, Тараз Суретті түсірген автор

ВЕСЕЛІЕ САДОВОДЫ

Павлодарский филиал АО «Казпрофтранс» подвел итоги конкурса «Дары дачного сезона», стартовавшего в конце сентября среди железнодорожников. Мероприятие посвящено 30-летию отраслевого профсоюза.



В свободное от работы время сотрудники стальной магистрали Павлодарского региона занимаются не только спортом, но и любят покопаться в любимом огороде и саду. У участников конкурса есть свои дачи, где они выращивают овощи, фрукты, ягоды и различные растения и деревья. Кроме того, у них остается время для разведения цветов. Павлодарский

филиал АО «Казпрофтранс» решил провести конкурс «Дары дачного сезона», где учитывался не только объем полученного урожая, но и необычность форм овощей и фруктов.

Первое место занял работник Павлодарской дистанции сигнализации и связи Марат Кашкарбаев, второе – у сотрудника Павлодарской дистанции

пути Ирины Артамоновой, третье место присудили работникам станции Павлодар Александр Кравченко и центра расчетов Эльвиры Липко. Все победители конкурса награждены дипломами и ценными призами, – сообщила эксперт профсоюза Айгуль Даулеталиева.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар Фото автора

Спорт

ШАРШЫ АЛАНДА – АРДАГЕРЛЕР

Ел шығысындағы теміржолшылар қайта оралған Ұлық мерекені есте қаларлықтай елеулі оқиғалармен атап өтті. Семей бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы мен ардагерлер ұйымы бірлесіп спорттық шаралар ұйымдастырды.

Көпшілікті күнтізбеге қайта енген ұлттық мерекені құттықтаған бөлімше басшысы Владимир Бабиченко еңбек жолы оғандық теміржол көлігінің дамуына арнаған ардагерлер қауымы әрдайым назарда екенін

айтып өтіп, бүгінгі шараны ұйымдастырып отырғандарға алғыс айтты.

Спорттық сайысқа қатысуға 25 ардагер тілек білдірді. Өзара үш топқа бөлінген қарт теміржолшылар спорттың шахмат, дартс

және үстел теннисі түрінен блек сыбанып, сайыс жолына шықты. Әрқайсысы өзіне ыңғайлы спорт түрін таңдаған ардагерлер тұс ауғанша сайыс көрігін қыздырды. Үш бірдей алаңдағы сайыс саябырлаған соң ғана «Локомотив» спорт клубының нұсқаушысы Наталья Мешкова бастаған қазылар алқасы жеңімпаздарды жария етті. Жүлделі орынға ие болған ардагерлерді бөлімше басшысы Владимир Владими-



рович пен кәсіподақ төрағасы Алик Тұрсынұлы марапаттап, ақшалай сыйлықтар табыс етті. Ардагерлер арасынан мергендік сыңға түскен дартс ойынында Семей станциясының зейнеткері Ерғазы Жұмагелдин бас бәйгені еншіледі. Ал үстел теннисінен байырғы қозғалысшы Серік

Абижанов бірінші орын алды. Шахматтан бас жүлде ардагерлер ұйымының төрағасы, Құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітулына тиесілі болды. Екінші және үшінші орын алған зейнеткерлер де сый-сияпатсыз қалмады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ Суретті түсірген автор

ПОПУЛЯРНАЯ ИГРА



В честь Дня Республики на станции Алтынколь прошли соревнования по волейболу. Турнир приурочен также и к десятилетнему юбилею станции и школы.

Надо сказать, что встреча была весьма интригующей и захватывающей. Каждая команда показала свои приемы и схемы игры, доказавшие эффективность. В течение всего турнира отличились спортсмены команды Алтынкольской дистанции пути, они играли уверенно и профессионально.

Технику и мастерство продемонстрировали и работники школы, подачи хлестких и сильных ударов игроков, посылающих мяч из дальнего угла в противоположную сторону, вызвали шквал эмоций болельщиков, которые пришли поддержать спортсменов.

После упорной и завораживающей игры в честной борьбе первое место завоевала команда педагогического состава школы, второе место досталось спортсменам филиала АО «Кедентранссервис», на третьей позиции – команда Алтынкольской дистанции пути.

У волейбола есть большие плюсы – взаимовыручка и партнерская поддержка, воспитание и выносливость, игра развивает смекалку и спортивный дух, что помогает железнодорожникам в работе. Поэтому и неудивительно, что волейбол пользуется большой популярностью в Алматинском регионе и становится в один ряд с мини-футболом.

Всем победителям были вручены грамоты, памятные подарки.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы Фото автора

ПОДАРОК НАКАНУНЕ ДНЯ РЕСПУБЛИКИ

В Астанинской дистанции пути (ПЧ-17) состоялось открытие поля для мини-футбола с искусственным травяным покрытием.

Спортивное сооружение, построенное с применением современных технологий, – подарок филиала «Астана» АО «Казпрофтранс» ко Дню Республики. Большое внимание профком уделяет привлечению работников к занятиям физической культурой на постоянной основе. Понятно, что для каждого предприятия большую роль играет ее экономический рост, но и не менее важное значение имеют такие факторы, как сплоченность команды и здоровая атмосфера в коллективе, ведь именно благодаря дружественному настрою и ощущению себя одной командой повышается работоспособность сотрудников и растет общая производительность труда, – сказал председатель профсоюзной организации ПЧ-17 Биржан Алмежанов.

По предложению и силами профсоюзного актива была построена данная спортивная площадка. В своем приветственном слове председатель филиала «Астана» АО «Казпрофтранс» Серик Сарсеев подчеркнул, что, согласно Коллективному договору на 2021-2023 годы, между АО «НК



«КТЖ» и его трудовым коллективом профсоюз оказывает содействие администрации Компании по созданию системы материального и морального стимулирования работников, а также продвижению здорового образа жизни, так как только здоровый и целеустремленный коллектив способен добиться высоких результатов.

Уверен, что данная спортивная площадка всегда будет востребованной и станет отличным подарком коллективу ПЧ-17 в год 30-летия профсоюза и 25-летия АО «НК «КТЖ», – заключил он.

Компания совместно с профсоюзом реализует много социально значимых проектов. Данный объект будет способствовать активизации физкультурно-оздоровительной и спортивной работы на нашем предприятии, пропаганды здорового образа жизни среди профсоюзного актива, – отметил директор Астанинской дистанции пути Даурен Капмасов.

После церемонии открытия состоялся товарищеский матч между командами из числа работников дистанции пути. Они были довольно полученными эмоциями от игры.

Теперь у наших работников появилась возможность тренировки и проведения товарищеских игр, невзирая на погодные условия. Раньше приходилось играть на арендованных площадках, и на это уходило много времени. А сейчас, как видите, на территории предприятия. Это наша мечта была. Спасибо большое председателю профкома Биржану Алмежанову, – поделился со своим мнением монтер пути предприятия Асет Пакаев.

По завершении спортивного мероприятия Серик Сарсеев вручил команде ПЧ-17 памятный подарок – футболный мяч – и поздравил всех участников с Днем Республики, который стал символом смелого шага страны к государственности.

Руслан РАХМЕТОВ Фото автора

ГИМНАСТИКА ДЛЯ УМА

Уральские железнодорожники в честь возрожденного Дня Республики провели товарищеский матч по шахмату. Несмотря на то что участников, было немного, на полях сражений было жарко.



В соревнованиях приняли участие спортсмены Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1), Уральской дистанции пути (ПЧ-1), станции Уральск и Уральской дистанции сигнализации и связи (ПЧ-7). Организаторами выступили председатель профкома железнодорожников Едил Альпосов, спортивный инструктор по Уральскому региону Болат Карлибаев и ветеран спорта Александр Любимкин.

Следует отметить, что уральские железнодорожники любят шахматы. Ведь эта игра считается гимнастикой для ума, развивает самостоятельность мышления, учит осознавать собственные ошибки и слабости и уметь преодолевать их.

Мнение Михаила Ботвинника: «Шахматы – игра не только фигур, но и людей, психология имеет значение» – получило яркое подтверждение и в этом матче. Яркую, красивую игру показал ветеран ПЧ-1, дефектоскопист Владимир Миросников, который по праву стал победителем, заняв первое место.

У братьев Беловых, представителей династии машинистов, начиная с прадеда, разработана своя тактика и стратегия в шахматах. Тем интереснее было наблюдать за их поединком на промежуточном этапе. В финале машинист ТЧЭ-1 Алексей Белов стал серебряным призером, поскольку в финальном матче у его соперника – диспетчера пути ПЧ-1 Нурула Муддагалиева закончилось время. Соответственно, Нурулан занял третье место.

Все призеры были награждены памятными подарками и грамотами. Машинист ТЧЭ-1 Андрей Белов (4-е место), составитель поездов станции Уральск Азамат Фаткуллин (5-е место) и механик радиосвязи ПЧ-7 Ильдос Ибраев (6-е место) получили поощрительные призы.

Яна ЛЕНИНА, Уральск Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылмының таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық сапалық теміржол»

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекті редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.